

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 21 қарашадағы № 136-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 7-бапта:

14) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14) кассациялық саты – істі бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың үкімдеріне, қаулыларына кассациялық шағымдар, ұсынулар, наразылықтар бойынша қарайтын сот;"

33) тармақтағы ", ал кассациялық сатыда – заңды күшіне енген сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтініш" деген сөздер алып тасталсын;

2) 47-баптың төртінші бөлігіндегі "соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 51-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: "қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сот (бұдан әрі – кассациялық сот);";

4) 52-бапта:

үшінші бөлікте:

"алқалы сот төрағасының не оның тапсырмасы бойынша судьялардың бірінің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьяларының" деген сөздер "сот төрағасының не оның тапсырмасы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен судьялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерінің күшін жойған және істі жаңадан қарауға жіберген жағдайларда кассациялық саты істі сот төрағасының төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес) алқалы құрамымен қарайды.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Істерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының не оның тапсырмасы бойынша

судьялардың біреуінің төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес) алқалы құрамында жүргізіледі.";

5) 87-бапта:

үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қылмыстық істі бірінші сатыдағы сотта қарауға қатысқан судья бұл істі апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотта қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатыса алмайды, сол сияқты өзінің қатысуымен шығарылған үкімнің немесе істі тоқтату туралы қаулының күші жойылған жағдайда істі бірінші сатыдағы сотта жаңадан қарауға қатыса алмайды.

4. Істі апелляциялық сатыдағы сотта қарауға қатысқан судья өзінің қатысуымен қабылданған апелляциялық үкімнің, қаулының күші жойылғаннан кейін осы істі бірінші және апелляциялық сатыларда қарауға, сондай-ақ істі кассациялық сатыда қарау кезінде, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатыса алмайды.

5. Істі кассациялық сатыдағы сотта қарауға қатысқан судья өзінің қатысуымен қабылданған қаулының күші жойылғаннан кейін бұл істі бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыларда қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатыса алмайды.

6. Істі алдыңғы сот сатыларында қарауға қатысқан судья сол істі кассациялық сатыда қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатыса алмайды. Істі кассациялық сатыда қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатысқан судья сол істі төмен тұрған сатылардағы соттарда қарауға қатыса алмайды.

7. Істі бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сотта қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде қатысқан судья осы істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қарауға қатыса алмайды.";

он екінші бөліктегі "өтінішхатқа" деген сөз "кассациялық шағымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 127-баптың бірінші бөлігі "өзгертуге" деген сөзден кейін ", істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 310-1-баппен толықтырылсын:

"310-1-бап. Кассациялық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер

1. Кассациялық сот:

1) бірінші сатыдағы соттардың үкімдері, қаулылары апелляциялық сатыда қаралғаннан кейін оларды қайта қарау туралы кассациялық шағымдарды, апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдерін, қаулыларын;

2) бірінші сатыдағы соттың үкімдері мен қаулыларына олардың апелляциялық сатыда қайта қаралғанына не қаралмағанына қарамастан, апелляциялық сатыдағы үкімдер мен қаулыларға Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылықтарын қарайды.

2. Осы Кодексте көзделген негіздер бойынша кассациялық сот өзінің соттылығына жатқызылған істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхаттарды қарайды.";

8) 313-бап алып тасталсын;

9) 347-баптың тоғызыншы бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 347-1-баптың бесінші бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 370-баптың тоғызыншы бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 52-тараудың тақырыбындағы "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кассациялық тәртіппен қайта қарауы" деген сөздер "кассациялық тәртіппен қайта қарау" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 484-бапта:

бірінші бөлікте:

"Жоғарғы Сот бірінші сатыдағы соттар шығарған, заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға өтінішхаттар" деген сөздер "Кассациялық сот бірінші сатыдағы соттар шығарған, заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға кассациялық шағымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кассациялық тәртіппен" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің 1) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот бұйрықтық, келісімдік іс жүргізуде немесе осы Кодекстің 382-бабында көзделген тәртіппен қараған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша;"

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың екінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілгендер осы Кодекстің 485-бабында көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, оның

орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

14) 485-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 7-1) тармақпен толықтырылсын:

"7-1) жекеше қаулыны заңсыз немесе негізсіз шығаруға;"

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "үшінші және төртінші бөліктерінде" деген сөздер "үшінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақ "мемлекеттің" деген сөзден кейін "ұлттық" деген сөзбен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 4) тармақпен толықтырылсын:

"4) сот актісі соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы біркелкілікті бұзған жағдайлар болып табылады.";

15) 486-бапта:

тақырыптағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын; қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры осы Кодекстің 485-бабында көрсетілген негіздер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы наразылықты өз бастамасы бойынша да, осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың өтінішхаты бойынша да енгізуге құқылы.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары не олардың тапсырмасы бойынша облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, сондай-ақ Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры қылмыстық істі тиісті соттан кассациялық тәртіппен тексеру үшін талап етіп алдыруы мүмкін.

Қылмыстық істі прокурордан талап етіп алдыру жағдайында кассациялық сатыдағы соттың кассациялық шағым түсуіне байланысты істі талап етіп алдыру туралы сұрау салуы іс прокуратураға келіп түскен күннен бастап отыз тәулік ішінде прокурордың орындауына жатады.";

16) 487-бапта:

бірінші бөліктегі "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жоғары Сотқа" деген сөздер "кассациялық сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 488-бапта:

тақырыптағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына" деген сөздер "кассациялық сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өтінішхатта" деген сөз "Кассациялық шағымда" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-бөлік алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"Өтінішхатқа" деген сөз "Кассациялық шағымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"өтінішхаттар" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының" деген сөздер "кассациялық соттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "өтінішхаттың" деген сөз "кассациялық шағымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

"Өтінішхат" деген сөз "Кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өз өтінішхатын" деген сөздер "өзінің кассациялық шағымын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қосымша өтінішхатында" деген сөздер "қосымша кассациялық шағымында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхатта" деген сөз "кассациялық шағымда" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте:

"Өтінішхатты" деген сөз "Кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 489-бапта:

тақырыптағы "Өтінішхаттарды" деген сөз "Кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"өтінішхаттар" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 2) және 3) тармақтардағы "өтінішхат", "өтінішхатты" деген сөздер тиісінше "кассациялық шағым", "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақтағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақтағы "өтінішхаттар", "сот актілеріне берілсе;" деген сөздер тиісінше "кассациялық шағым", "сот актілеріне берілсе, олар берген адамдарға қайтарылуға жатады." деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақ алып тасталсын;

екінші бөліктегі "Өтінішхатты" деген сөз "Кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"Өтінішхат" деген сөз "Кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"3) және 4) тармақтарында" деген сөздер "4) тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 490 және 491-баптар алып тасталсын;

20) 492-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кассациялық сатыдағы сот кассациялық шағым келіп түскеннен кейін қылмыстық істі тиісті соттан талап етіп алдырады.

Істі алғаннан кейін кассациялық сатыдағы сот он тәулік ішінде тараптарға кассациялық шағымның, наразылықтың көшірмелерін, сондай-ақ сот отырысы өткізілетін күнді, уақытты, орынды көрсете отырып, істің кассациялық сатыдағы сотта қаралатыны туралы хабархат не соттың интернет-ресурсы арқылы олардың электрондық көшірмелерімен танысу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді.";

екінші бөлікте:

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты алқасының" деген сөздер "Кассациялық соттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Іс ақылға қонымды мерзімде, бірақ келіп түскен күнінен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.";

21) 493-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"493-бап. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы кассациялық сот төрағасының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры кассациялық тәртіппен тексеру үшін сот үкімінің, қаулысының орындалуын алты айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

22) 494-бапта:

бірінші бөлікте:

"кімнің өтінішхаты" деген сөздер "кімнің кассациялық шағымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өтінішхатты" деген сөз "Кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші және үшінші бөліктердегі "өтінішхат", "Өтінішхат" деген сөздер тиісінше "кассациялық шағым", "Кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "өтінішхаттар" деген сөз "шағымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте:

бірінші абзацтағы "өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығында жазылған уәждер мен дәлелдерді оның тапсырмасы бойынша" деген сөздер "Наразылықта жазылған уәждер мен дәлелдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің 1) тармағындағы "өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "өтінішхатта" деген сөз "кассациялық шағымда" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"өтінішхатында" деген сөз "кассациялық шағымында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхаты" деген сөз "кассациялық шағымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"21. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты істі кассациялық сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібере отырып, кассациялық сатыдағы қаулының күшін жойған жағдайда істі кассациялық сатыда қарау осы тараудың қағидалары бойынша жүзеге асырылады.";

23) 498-бапта:

тақырыптағы "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) мынадай мазмұндағы 52-1-тараумен толықтырылсын:

"52-1-тарау. Сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау

498-1-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қайта қарауының негіздері

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, егер:

1) қабылданған сот актілері мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қозғайтын не адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас ауыр салдарларға әкелуі мүмкін болса;

2) адам өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатса;

3) қабылданған сот актілері соттардың құқық нормаларын түсіндірудегі және қолдануындағы біркелкілікті бұзса, заңды күшіне енген сот актілері кассациялық сатыда қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьясының ұсынуы немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша оларды айрықша жағдайларда қайта қарауы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актілерін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша өз бастамасы бойынша да, қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау туралы наразылық енгізуге құқылы.

Наразылықтар келтіру туралы өтінішхаттарды қарау осы Кодекстің 486 – 489-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Заңды күшіне енген сот актілерін сотталған адамның кінәсіздігі уәждері бойынша, сондай-ақ жазаның қатаңдығына орай неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық туралы заңды қолдану қажеттілігіне байланысты немесе сотталған адамның жағдайын жақсартуға алып келетін өзге де негіздер бойынша қайта қарау қажеттілігі туралы қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхат, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылық беру мерзімдері шектелмеген.

Заңды күшіне енген сот актілерін жазаның жеңілдігіне орай неғұрлым ауыр қылмыстық құқық бұзушылық туралы заңды қолдану қажеттілігі уәждері бойынша немесе сотталған адамның жағдайын нашарлатуға алып келетін өзге де негіздер бойынша не соттың істі тоқтату туралы қаулысын қайта қарау қажеттілігі туралы қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхат, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылық беруіне кассациялық қараудан кейін алты ай ішінде жол беріледі.

Аталған мерзімді қалпына келтіруге жол берілмейді.

Егер қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаты, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына алты ай өткенге дейін келіп түссе, олар дау айтылып отырған сот актісі заңды күшіне енген кезден бастап алты ай өткеннен кейін де сотталған адамның, ақталған адамның жағдайын нашарлататын шешім қабылдана отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қаралуға жатады.

498-2-бап. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьясының ұсынуын енгізу

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қылмыстық процеске қатысушылардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау қажеттілігі туралы өтінішхаты бойынша қылмыстық істі зерделеу үшін талап етіп алдыра алады. Істі зерделеу нәтижелері бойынша осы Кодекстің 498-1-бабында көзделген негіздер болған кезде ұсыну енгізеді, онда:

- 1) ұсынудың шығарылған күні мен орны;
- 2) дау айтылып отырған сот актілері көрсетіле отырып, ұсыну енгізілген іс;
- 3) ұсынуды енгізу уәждері мен дәлелдері көрсетіледі.

Қылмыстық процеске қатысушылар сот актісінің орындалуын тоқтата тұру туралы өтінішхат берген жағдайда, судья бұл жөнінде ұсынуда көрсетеді.

498-3-бап. Заңды күшіне енген сот актісінің орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актісі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қаралғанға дейін оның орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

498-4-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау

1. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауды өткізу уақыты мен орны туралы тараптар хабардар етіледі.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауы ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бағынысты прокурорларының қатысуы міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы Кодекстің 498-1-бабында көзделген негіздер анықталған жағдайда мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгеріссіз қалдырады;
- 2) апелляциялық сатыдағы қаулыны немесе үкімді немесе бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгеріссіз қалдырып немесе оның күшін жойып, кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгертеді;
- 3) соттың үкімін өзгертіп немесе өзгеріссіз қалдырып, кассациялық және апелляциялық сатылардағы соттар қаулыларының күшін жояды;
- 4) кассациялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі кассациялық сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібереді;
- 5) кассациялық сатыдағы сот қаулысының, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы қаулы мен үкімнің және бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жояды және істі тоқтатады.

5. Қылмыстық іс тоқтатылған не бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза тағайындалған кезде күзетпен ұсталып отырған сотталған адам дереу босатылуға

жатады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жазаны орындайтын мекемеге немесе органға сот қаулысының көшірмесін оны орындау үшін дереу жібереді.

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы жария етілген күнінен бастап заңды күшіне енеді және түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулыда баяндалған процестік әрекеттерді жасау қажеттілігі туралы нұсқаулары іс жаңадан қарауға жіберілген кезде кассациялық сатыдағы сот үшін міндетті болып табылады.";

25) 505-баптың бесінші бөлігінің екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" деген сөздер "Кассациялық сот" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 507-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы алып тасталсын;

27) 665-баптағы "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқасы" деген сөздер "кассациялық сот" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

1) 21-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерін қаулы нысанында қабылдайды.";

2) мынадай мазмұндағы 27-2-баппен толықтырылсын:

"27-2-бап. Азаматтық істердің азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың соттылығына жатқызылуы

Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот (бұдан әрі – кассациялық сот) тараптардың келісуімен аудандық (қалалық), облыстық және оларға теңестірілген соттардың іс жүргізуіндегі біртекті істердің бірін талап ете алады, өз іс жүргізуіне қабылдай алады, бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарай алады және шеше алады.";

3) 28-1-бап алып тасталсын;

4) 34-бапта:

екінші бөліктің б) тармақшасындағы "28-1-баптарында" деген сөздер "27-1-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "28-1-баптарында" деген сөздер "27-1-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктің екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" деген сөздер "кассациялық сот" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 35-бапта:

3-1-бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 27-2-бабында көзделген азаматтық істерді кассациялық сотта судья бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша жеке-дара қарайды және шешеді.";

бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарауды сот төрағасының не оның тапсырмасы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен кассациялық сот судьяларының тақ санды (кемінде үш) соттың алқалы құрамы жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерінің күшін жойған және істерді жаңадан қарауға жіберген жағдайларда, кассациялық сот істерді сот төрағасының төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес) алқалы құрамымен қарайды.

6. Істерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының немесе оның тапсырмасы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес) алқалы құрамында жүргізіледі.";

6) 37-бапта:

бірінші бөліктегі "қайта қарауға," деген сөздер "қайтадан қарауға, істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде," деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "соттарда қарауға," деген сөздерден кейін "істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "соттарда қарауға," деген сөздерден кейін "істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 41-баптың сегізінші бөлігіндегі "қайта қарау туралы өтінішхатқа" деген сөздер "қайта қарау туралы кассациялық шағымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 42-бапта:

екінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында" деген сөздер "кассациялық сотта" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына" деген сөздер "кассациялық сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 53-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацында:

"өтінішхаты" деген сөз "кассациялық шағымы" деген сөздермен ауыстырылсын,

"өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

10) 60-баптың бірінші бөлігіндегі "өтінішхаттан" деген сөз "кассациялық шағымнан" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 133-2-баптың екінші бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 133-3-баптың төртінші бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер

"сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 133-4-баптың екінші бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 159-баптың төртінші бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 183-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмысқа қайтадан алу туралы, әке болуды анықтау және алименттерді өндіріп алу туралы азаматтық істерді, сондай-ақ ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істерін сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қарайды және шешеді. Ереуілдерді заңсыз деп тану, Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы істер талап қою сотқа келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады және шешіледі.";

16) 221-бап "шығару үшін" деген сөздерден кейін "кеңесу бөлмесіне" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 222-баптың 1-1-бөлігі алып тасталсын;

18) 223-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шешім кеңесу бөлмесінде шығарылады. Кеңесу бөлмесінде өзге адамдардың болуына жол берілмейді.";

үшінші бөліктің бірінші абзацы "шығару үшін" деген сөздерден кейін "кеңесу бөлмесіне" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 225-баптың үшінші бөлігі "шығару үшін" деген сөздерден кейін "кеңесу бөлмесіне" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 281-баптың төртінші бөлігі "сотта" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 282-баптың бесінші бөлігінің екінші абзацындағы "соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 401-баптың үшінші бөлігі "оның орынбасарлары," деген сөздерден кейін "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры және олардың орынбасарлары, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары," деген сөздермен толықтырылсын;

23) 434-бапта:

бірінші бөлікте:

"сот актілерін", "28-1-бабының" деген сөздер тиісінше "сот актілері", "27-2-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қарауы" деген сөздер "кассациялық тәртіппен қайта қаралуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

3) тармақша алып тасталсын;

екінші абзацтағы "28-1-бабының" деген сөздер "27-2-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген істер бойынша сот актілері осы Кодекстің 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.";

төртінші бөліктегі "1), 2), 3) және 4)" деген сөздер "1), 2) және 4)" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алып тасталсын;

24) 435-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"435-бап. Заңды күшіне енген сот актілеріне кассациялық шағым беруге, наразылық келтіруге, олардан бас тартуға және кері қайтарып алуға құқығы бар тұлғалар";

бірінші бөлікте:

"өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын; қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

1-1-бөліктегі "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры заңды күшіне енген сот актілеріне өзінің бастамасы бойынша да, осы баптың бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың осы Кодекстің 54-бабының екінші бөлігінде көзделген істер бойынша берілген өтінішхаттары бойынша да наразылық келтіруге құқылы.

Өтінішхат наразылыққа қоса беріледі.

3. Кассациялық шағым берген тұлға, оның ішінде іс бойынша тарап ретінде шағым берген прокурор кассациялық шағымнан бас тартуға немесе оны кері қайтарып алуға құқылы, наразылық келтірген прокурор оны кассациялық шағым, наразылық қаралғанға дейін кассациялық сатыдағы сотқа арыз беру арқылы кері қайтарып алуға құқылы.

Кассациялық шағымнан бас тарту кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізудің тоқтатылуына алып келеді. Кассациялық шағымды қайтадан беруге жол берілмейді, ал берілген жағдайда шағым қайтарылады.

Кері қайтарып алынған жағдайда кассациялық шағым, наразылық осы Кодекстің 436-бабының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде қайтадан берілуі мүмкін.";

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

25) 436-бапта:

бірінші бөліктегі "өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"өтінішхат" деген сөз "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

"наразылықты" деген сөз "прокурордың апелляциялық өтінішхатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 437-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"437-бап. Істерді кассациялық тәртіппен қарайтын соттар

Кассациялық сот осы Кодекстің 435-бабының бірінші бөлігінде аталған тұлғалардың кассациялық шағымдары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының наразылығы бойынша істерді қарайды.";

27) 438-бапта:

тақырыптағы "қараудың себептері мен" деген сөздер "қарау" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кассациялық соттың судьялары азаматтық істі кассациялық тәртіппен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алдырады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары не олардың тапсырмасы бойынша облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, сондай-ақ Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры азаматтық істі кассациялық тәртіппен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алдыруы мүмкін.

Азаматтық істі прокурордан талап етіп алдыру жағдайында кассациялық сатыдағы соттың кассациялық шағым түсуіне байланысты істі талап етіп алдыру туралы сұрау салуы іс прокуратураға келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде прокурордың орындауына жатады.";

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

алтыншы бөлікте:

1) тармақша "экономикасы мен" деген сөздерден кейін "ұлттық" деген сөзбен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "үшінші және бесінші бөліктерінде" деген сөздер "үшінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 439-баптың бірінші бөлігінде:

"Себеп пен негіздер" деген сөздер "Негіздер" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына" деген сөздер "кассациялық сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 441 және 442-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"441-бап. Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы кассациялық шағымның және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаттың мазмұны

1. Кассациялық сотқа берілетін сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы кассациялық шағымда және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Бас әскери және Бас көлік прокуратураларына берілетін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатта:

1) кассациялық шағым немесе өтінішхат жіберіліп отырған соттың немесе лауазымды адамның атауы;

2) кассациялық шағымды немесе наразылық келтіру туралы өтінішхатты беретін тұлғаның және олар мүддесі үшін беріліп отырған тұлғаның атауы, оның тұрғылықты жері немесе орналасқан жері және істегі процестік жағдай;

3) іске қатысатын тұлғалардың тұрғылықты жерлері немесе орналасқан жерлері көрсетіліп, оларды санамалау;

4) істі бірінші, апелляциялық сатыларда қараған соттарға нұсқау және олар қабылдаған шешімдердің мазмұны;

5) қайта қарауға, наразылық келтіруге жататын сот актісіне нұсқау;

6) материалдық және процестік құқық нормаларының бұзылуы неде екендігіне және шағымды немесе наразылық келтіру туралы өтінішхатты беретін тұлғаның өтініші неден тұратындығына нұсқау қамтылуға тиіс;

7) осы Кодекстің 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер бойынша наразылық келтіру туралы өтінішхат берілген жағдайда, өтінішхатта сот актілерін қайта қарау үшін негіздердің айрықшалығы неде екендігі көрсетілуге тиіс;

8) өкіл берген кассациялық шағымда, наразылық келтіру туралы өтінішхатта талап негізделетін заң нормасына сілтеме қамтылуға тиіс.

2. Егер кассациялық шағым немесе наразылық келтіру туралы өтінішхат іске қатыспаған тұлғаның мүддесі үшін берілсе, оларда дау айтылып отырған сот актісінде осы тұлғаның қандай құқықтарының бұзылғаны көрсетілуге тиіс.

3. Егер кассациялық шағым бұрын кассациялық сатыдағы сотқа берілсе және қайтарылған болса, шағымда оның қайтарылу себептері көрсетілуге тиіс.

4. Кассациялық шағымды немесе наразылық келтіру туралы өтінішхатты берген тұлға оларға қол қоюға тиіс. Шағым немесе наразылық келтіру туралы өтінішхат электрондық құжат нысанында берілген кезде олар беретін тұлғаның немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады. Кассациялық шағымға, наразылық келтіру туралы өтінішхатқа өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат қоса беріледі. Электрондық құжат нысанында берілетін шағымға немесе наразылық келтіру туралы өтінішхатқа құжаттардың көшірмелері электрондық нысанда қоса беріледі.

5. Сот актісіне дау айту туралы кассациялық шағымға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерде мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.

442-бап. Кассациялық шағымды немесе прокурордың наразылығын қайтару

1. Кассациялық шағым немесе прокурордың наразылығы мынадай негіздер бойынша:

1) кассациялық шағым немесе прокурордың наразылығы осы Кодекстің 435-бабы 1-1-бөлігінің, 440 және 441-баптарының талаптарына сәйкес келмесе;

2) кассациялық шағымды немесе прокурордың наразылығын осы Кодекстің 435-бабына сәйкес заңды күшіне енген осы сот актісіне дау айтуға, наразылық келтіруге құқығы жоқ тұлғалар берсе;

3) кассациялық шағым немесе прокурордың наразылығы осы Кодекстің 436-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілсе және оны қалпына келтіру үшін дәлелді себептер болмаса;

4) кассациялық шағым немесе прокурордың наразылығы қаралғанға дейін олар кері қайтарылып алынса;

5) кассациялық шағымнан бас тартуға байланысты кассациялық сатыдағы сотта іс бойынша кассациялық іс жүргізу тоқтатылған жағдайда;

6) кассациялық шағым немесе прокурордың наразылығы кассациялық сатыдағы сотқа осы Кодексте белгіленген шағым жасау тәртібі бұзыла отырып берілсе;

7) кассациялық сатыдағы соттың осы процеске қатысушының шағымы бойынша кассациялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулысы болса;

8) сот актісіне дау айту туралы кассациялық шағымға мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса берілмесе, оларды берген тұлғаларға қайтарылуға жатады.

2. Кассациялық сатыдағы сот кассациялық шағымды немесе прокурордың наразылығын осы баптың бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қайтару туралы қаулы шығарады. Осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2

), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген қалған жағдайларда шағым немесе наразылық бес жұмыс күні ішінде судьяның хатымен қайтарылады.

3. Кассациялық шағымды немесе прокурордың наразылығын қайтаруға негіз болған кемшіліктер жойылған кезде олар жалпы негіздер бойынша қайтадан берілуі мүмкін.

4. Егер өтініш беруші осы құқықты іске асырмаса, осы Кодекстің 112-бабының бірінші бөлігінде санамаланған адамдар осы Кодекстің 441-бабының талаптарын сақтай отырып өтінішхат берген жағдайлардан басқа ретте, прокурор кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатты өтініш берушіге сот актісін тікелей кассациялық сатыдағы сотта кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы кассациялық шағым беруі үшін қайтаруға құқылы.";

30) 443 және 444-баптар алып тасталсын;

31) 445-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кассациялық сатыдағы сот істі алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай әрекеттерді жасайды:

1) тараптарға кассациялық сатыда қарау үшін кассациялық шағымның, прокурор наразылығының қабылданғаны туралы хабарлама жібереді;

2) іске қатысатын тұлғаларға кассациялық шағымның, наразылықтың және оларға қоса берілген құжаттардың көшірмелерін не олардың электрондық көшірмелерімен соттың интернет-ресурсы арқылы танысу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді;

3) тараптарға ұсыну мерзімін көрсете отырып, кассациялық шағымға, прокурордың наразылығына жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында пікір беру тәртібін түсіндіреді;

4) осы Кодекстің 17-тарауына сәйкес тараптарды татуласу рәсімдеріне қатысу құқығы туралы хабардар етеді.

2. Іс ақылға қонымды мерзімде, бірақ сотқа келіп түскен күнінен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қаралуға тиіс.";

32) 446-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"446-бап. Сот актісін қайта қарау туралы кассациялық шағымға немесе наразылыққа пікір

1. Іске қатысатын тұлға сот актісін қайта қарау туралы кассациялық шағымға, прокурордың наразылығына пікірін қайта қаралуға қатысты қарсылықты растайтын құжаттарды қоса бере отырып, іске қатысатын басқа да адамдарға және кассациялық сатыдағы сотқа жібереді.

Өкіл сот актісін қайта қарау туралы кассациялық шағымға, прокурордың наразылығына пікірін қайта қаралуға қатысты қарсылықты растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қарсылықтарға негіз болған дәлелдемелер мен заң нормаларына сілтеме жасап, іске қатысатын басқа да тұлғаларға және кассациялық сатыдағы сотқа жібереді.

Іске қатысатын басқа да тұлғаларға пікірдің көшірмелері жіберілгенін растайтын құжат та пікірге қоса беріледі.

2. Пікір сот актісін қайта қарау туралы кассациялық шағымның немесе прокурор наразылығының көшірмесі алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

3. Пікірге іске қатысатын тұлға немесе оның өкілі қол қояды. Пікір электрондық құжат нысанында берілген кезде ол оны беретін тұлғаның немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады. Пікірге өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат қоса беріледі. Электрондық құжат нысанында берілетін пікірге құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.";

33) 447-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Өтінішхат берілгеннен, ұсыну немесе наразылық енгізілгеннен" деген сөздер "Кассациялық шағым немесе наразылық берілгеннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 448-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы кассациялық сот төрағасының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры кассациялық тәртіппен тексеру үшін сот актісінің орындалуын алты айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

35) 449-баптағы "өтінішхаттың, ұсынудың" деген сөздер "кассациялық шағымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 450-бапта:

бірінші бөліктегі "бұл үшін негіз болған процестік құжатты," деген сөздер алып тасталсын;

екінші, үшінші және бесінші бөліктердегі "өтінішхат", "Өтінішхат" деген сөздер тиісінше "кассациялық шағым", "Кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын

;

37) 451-бапта:

бірінші бөліктегі "Өтінішхатты, ұсынуды" деген сөздер "Кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

1) тармақшадағы "өтінішхатты" деген сөз "кассациялық шағымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

жетінші бөліктегі "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты істі кассациялық сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібере отырып, кассациялық сатыдағы қаулының күшін жойған жағдайда істі кассациялық сатыда қарау осы баптың қағидалары бойынша жүзеге асырылады.";

38) 454-баптың екінші бөлігіндегі "өтінішхат, ұсыну" деген сөздер "кассациялық шағым" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) мынадай мазмұндағы 54-1-тараумен толықтырылсын:

"54-1-тарау. Сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау

454-1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауының негіздері

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, егер:

1) қабылданған сот актілері адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкелуі мүмкін болса;

2) қабылданған сот актілері тұлғалардың айқындалмаған тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзса;

3) қабылданған сот актілері соттардың құқық нормаларын түсіндірудегі және қолдануындағы біркелкілікті бұзса, заңды күшіне енген сот актілері кассациялық сатыда қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының ұсынуы немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша оларды айрықша жағдайларда қайта қарауы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актілерін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша өз бастамасы бойынша да, азаматтық процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау туралы наразылық келтіруге құқылы.

Наразылықтар келтіру туралы өтінішхаттарды қарау осы Кодекстің 438, 439, 440, 441 және 442-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

454-2-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының ұсынуын енгізу

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы азаматтық процеске қатысушылардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау қажеттілігі туралы өтінішхаты бойынша зерделеу үшін азаматтық істі талап етіп алдыра алады. Істі зерделеу нәтижелері бойынша осы Кодекстің 454-1-бабында көзделген негіздер болған кезде ұсыну енгізеді, онда:

1) ұсынудың шығарылған күні мен орны;

2) дау айтылып отырған сот актілері көрсетіліп, ұсыну шығарылған іс;

3) ұсынуды енгізу уәждері мен дәлелдері көрсетіледі.

Азаматтық процеске қатысушылар сот актісінің орындалуын тоқтата тұру туралы өтінішхат берген жағдайда, судья бұл жөнінде ұсынуда көрсетеді.

454-3-бап. Заңды күшіне енген сот актісінің орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актісі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қаралғанға дейін оның орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

454-4-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау

1. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауды өткізу уақыты мен орны туралы тараптар хабардар етіледі.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауы ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бағынысты прокурорларының қатысуы міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы Кодекстің 454-1-бабында көзделген негіздер анықталған жағдайда мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгеріссіз қалдырады;

2) апелляциялық сатыдағы соттың қаулысын немесе бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырып немесе оның күшін жойып, кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгертеді;

3) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдырып, кассациялық және апелляциялық сатылардағы соттар қаулысының күшін жояды;

4) кассациялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі кассациялық сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібереді;

5) кассациялық сатыдағы сот қаулысының, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы қаулының және бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жояды және істі тоқтатады.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы жария етілген күнінен бастап заңды күшіне енеді және түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулыда баяндалған процестік әрекеттерді жасау қажеттілігі туралы нұсқаулары іс жаңадан қарауға жіберілген кезде кассациялық сатыдағы сот үшін міндетті болып табылады.";

40) 476-баптың алтыншы бөлігіндегі "соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган" деген сөздер "сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 5-баптың бірінші бөлігі алтыншы абзацтағы "нығайту болып табылады." деген сөздер "нығайту;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру болып табылады.";

2) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі

1. Әкімшілік рәсімдер қолдануға жататын барлық құқық көздерін, оның ішінде құқықтық қағидаттарды, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын айқындау негізінде құқық нормаларын нақты (дара) қатынастарға қолдану жолымен, сондай-ақ

осыған ұқсас мәселелер бойынша қолданылған әкімшілік рәсімдер және бұрын қабылданған әкімшілік актілер ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, әкімшілік органдар қабылданатын нормативтік құқықтық актілер негізінде және оларды орындау үшін әкімшілік рәсімдер жүзеге асырылатын көрсетілген актілердің нақты және әртүрлі түсіндірілуге жатпайтын мағынасына кепілдік бере отырып, әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

3. Әкімшілік органдар әкімшілік актілердің үлгілік нысандарын (үлгілерін), бланкілерін әзірлеу және бекіту жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс.

4. Әкімшілік органдардың басшылары біртүпті мәселелерді шешу және әртүрлі әкімшілік актілерді қабылдау жағдайлары мен себептерін анықтау үшін нақ сол құқықтық нормаларды қолдану мәселесі бойынша әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілерге талдау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

3) 18-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерін қаулылар және ұйғарымдар нысанында қабылдайды.";

4) 24-баптың бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әкімшілік істерді кассациялық сатыдағы сотта сот төрағасының не оның тапсырмасы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сот (бұдан әрі – кассациялық сот) судьяларының тақ санды (кемінде үш судья) алқалы құрамы қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерінің күшін жойған және істерді жаңадан қарауға жіберген жағдайларда, кассациялық сот істерді сот төрағасының төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес судья) алқалы құрамымен қарайды.

6. Әкімшілік істерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының немесе оның тапсырмасы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен судьялардың тақ санды (кемінде бес судья) алқалы құрамында жүргізіледі.";

5) мынадай мазмұндағы 104-1-баппен толықтырылсын:

"104-1-бап. Әкімшілік істердің кассациялық соттарға соттылығы

1. Осы Кодекстің 105-бабында көзделген істерді қоспағанда, әкімшілік істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен кассациялық сотта қаралуға жатады.

2. Кассациялық сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 27-бабының 1-2-бөлігінде көзделген талап қоюлар бойынша сот актілерін кассациялық тәртіппен қарайды.";

6) 105-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіппен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қаралуға жатады.";

7) 107-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бірнеше жауапкерге талап қою жауапкерлердің біреуінің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін. Осы бапқа сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше сот арасындағы таңдау талап қоюшыға тиесілі болады.

Талап қоюшы, осы Кодекстің 102-бабының үшінші бөлігіндегі, 103-бабындағы, 105-бабының бірінші бөлігіндегі, 106-бабының екінші және үшінші бөліктеріндегі тәртіппен қаралуға жататын істерді қоспағанда, әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін эксаумақтық соттылықты, оның ішінде соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша да таңдай алады.";

8) 109-баптың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" деген сөздер "кассациялық сот" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 119-баптың бірінші бөлігі "өзгертуге" деген сөзден кейін ", сондай-ақ істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 138-баптың екінші бөлігінің 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) осы Кодекстің 136-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес сотқа талап қоюды беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алса не сот талап қоюды беруге өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруден бас тартса;"

11) 168-бапта:

бірінші бөліктегі "осы бапта" деген сөздер "осы Кодексте" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацы "және оның орынбасарлары," деген сөздерден кейін "Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры және олардың орынбасарлары, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары," деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Кодекстің 102-бабы үшінші бөлігінің, Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің 27-бабы 1-2-бөлігінің қағидалары бойынша қаралған істер бойынша шығарылған сот актілеріне апелляциялық шағымды, прокурордың апелляциялық өтінішхатын астананың соты қарайды.";

оныншы бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы жария етілген күнінен бастап күшіне енеді.";

12) 169-бапта:

бірінші бөліктегі "осы бапта" деген сөздер "осы Кодексте" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды күшіне енген, оның ішінде татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу тәртібімен аяқталған әкімшілік істер бойынша сот актілеріне әкімшілік процеске қатысушылар апелляциялық сатыдағы сот актісі түпкілікті нысанда табыс етілген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық шағым беру арқылы кассациялық тәртіппен шағым жасай алады, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының өз бастамасымен келтірілген наразылықтары бойынша да, адамдардың осы Кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша берілген өтінішхаттары бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

Прокурордың наразылығы осы Кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап алты ай ішінде келтірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор, Бас көлік прокуроры әкімшілік істі қарауға қатысқанына не қатыспағанына қарамастан, шешімге өз құзыреті шегінде наразылық келтіруге құқылы.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөлікте:

"шағымдарды, өтінішхаттар" деген сөздер "шағымдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы" деген сөздер "кассациялық сот" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің екінші абзацы алып тасталсын;

алтыншы бөлік алып тасталсын;

13) мынадай мазмұндағы 169-1-баппен толықтырылсын:

"169-1-бап. Сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында қайта қарау

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, егер:

1) қабылданған сот актілері адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкелуі мүмкін болса;

2) қабылданған сот актілері тұлғалардың айқындалмаған тобының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзса;

3) қабылданған сот актілері соттардың құқық нормаларын түсіндірудегі және қолдануындағы біркелкілікті бұзса, осы Кодекстің 105-бабының тәртібімен қаралған істерді қоспағанда, заңды күшіне енген сот актілері кассациялық сатыда қаралғаннан кейін әкімшілік істі талап етіп алдыра отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының ұсынуы немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша оларды айрықша жағдайларда қайта қарауы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы әкімшілік процеске қатысушылардың заңды күшіне енген сот актілерін істі зерделеу нәтижелері бойынша қайта қарау қажеттілігі туралы өтінішхаты бойынша осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер болған кезде уәждері мен дәлелдерді көрсете отырып, ұсыну енгізеді.

Әкімшілік процеске қатысушылар сот актісінің орындалуын тоқтата тұру туралы өтінішхат берген жағдайда судья бұл жөнінде ұсынуға көрсетеді.

3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актілерін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша өз бастамасы бойынша да, әкімшілік процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау туралы наразылық келтіруге құқылы.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актісі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қаралғанға дейін оның орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауы ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады.

Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауды өткізу уақыты мен орны туралы тараптар хабардар етіледі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бағынысты прокурорларының қатысуы міндетті.

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгеріссіз қалдырады;
- 2) апелляциялық сатыдағы соттың қаулысын немесе бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырып немесе оның күшін жойып, кассациялық сатыдағы соттың қаулысын өзгертеді;
- 3) бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдырып, кассациялық және апелляциялық сатылардағы соттар қаулысының күшін жояды;
- 4) кассациялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі кассациялық сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібереді;
- 5) кассациялық сатыдағы сот қаулысының, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы қаулының және бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жояды.

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы жария етілген күнінен бастап заңды күшіне енеді және түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулыда баяндалған процестік әрекеттерді жасау қажеттілігі туралы нұсқаулары іс жаңадан қарауға жіберілген кезде кассациялық сатыдағы сот үшін міндетті болып табылады."

4. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың 2-тармағы "шектеуге" деген сөзден кейін ", сондай-ақ судьяларға қатысты тәртіптік іс жүргізуге бастамашылық етуге" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Сот приставтары туралы" 1997 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын:

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында және аумақтық бөлімшелерде сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық етуді уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады."

6. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операция туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуды жіберуі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, оның орынбасарларының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың санкциясымен жүзеге асырылады."

7. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-баптың 7-тармағының 4) тармақшасындағы "орынбасары;" деген сөз "орынбасары мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналасуға жол беріледі." деген сөздермен ауыстырылып, 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

2) 33-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

8. "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Кеңес аппаратының жұмыскерлері мәртебесі, жалақысының мөлшері мен деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының тиісті жұмыскерлеріне теңестіріледі.";

2) 3-баптың 1-тармағында:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аудандық және оған теңестірілген сот (бұдан әрі – аудандық сот) судьясының, облыстық және оған теңестірілген соттың (бұдан әрі – облыстық сот) сот алқасы төрағасының, судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеуді конкурстық негізде жүзеге асырады:

конкурстың қорытындылары бойынша аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының, судьясының және кассациялық сот судьясының бос лауазымдарына тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;"

"3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды:

облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды лауазымға тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;"

5-1) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасы, сот алқалары төрағалары және судьясы, кассациялық соттың төрағасы және судьясы, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағалары және судьясы лауазымына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) қалыптастырады;"

3) 4-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеңес құрамына судьялардың кандидатуралары Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысында жергілікті және басқа да соттар, сондай-ақ Жоғарғы Сот судьяларының Кеңесте тең өкілдік етуін қамтамасыз ету ескеріле отырып, облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстары және кассациялық соттардың жалпы отырыстары ұсынған кандидаттар арасынан қаралады.";

4) 5-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарына, судьялардың кеңестеріне, кассациялық соттардың жалпы отырыстарына, облыстық соттардың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарына, Судьялар одағының, Судья әдеби жөніндегі комиссияның, Сот жюриінің, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның отырыстарына қатысуға құқылы;"

5) 6-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының, кассациялық соттардың жалпы отырыстарының, соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер және судья қоғамдастығы органдары, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия отырыстарының жұмысына қатысуға;"

б) 13-баптың 10-1-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар және құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын, осы Заңның 16-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген конкурс тәртібімен облыстық соттың судьясы лауазымына орналасуға үміткер адамдар үшін, сондай-ақ заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі бар және құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын, көрсетілген конкурс тәртібімен кассациялық соттың судьясы лауазымына орналасуға үміткер адамдар үшін біліктілік емтиханын тапсыру рәсімі мыналарды қамтиды:";

7) 5-тараудың тақырыбы "және судьясы," деген сөздерден кейін "кассациялық соттың судьясы," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 16-баптың 1, 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеңестің аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына тағайындау туралы ұсынымы конкурстық қараудың нәтижелері бойынша беріледі.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және Жоғарғы Соттың ұсынысы бойынша тізбесін Кеңес бекітетін құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын облыстық сот, кассациялық сот судьясының бос лауазымына кандидаттар үшін жеке конкурс өткізілуі мүмкін. Мұндай жеке конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.";

"3. График судьялардың ауысуын талдау мен болжау, жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының өкілеттік мерзімдері, сондай-ақ бар бос орындар ескеріле отырып жасалады.

4. Кеңестің аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының және судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымдарына орналасуға конкурс туралы хабарландыруын Кеңес аппараты Кеңестің регламентінде белгіленген мерзімдерде, бірақ конкурсқа дейін кемінде екі апта бұрын Кеңестің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды. Бұл ретте облыстық соттың сот алқасының төрағасы лауазымына орналасуға конкурс облыстық соттың сот алқасының төрағасы өкілеттіктерінің мерзімі өткенге дейін жариялануы мүмкін.

5. Аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Соттың судьясы лауазымдарына конкурсқа қатысу үшін Кеңестің конкурс туралы хабарландыруында көрсетілген

мерзімдер ішінде, бірақ Кеңестің интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күннен бастап кемінде екі апта ішінде Кеңес аппаратына өтінішті және тізбесі Кеңес регламентінде белгіленген басқа да құжаттарды беру қажет.";

9) 17-бапта:

тақырып және 2-тармақ "және судьясы," деген сөздерден кейін "кассациялық соттың судьясы," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аудандық соттың судьясы және облыстық соттың судьясы, кассациялық соттың судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және облыстық, кассациялық соттардың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс.";

10) 18-бапта:

5-тармақтың екінші бөлігі "және судьясы," деген сөздерден кейін "кассациялық соттың судьясы," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) шалғай жерде орналасқан соттың конкурс қорытындысы бойынша бос қалған судья лауазымына "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 30-бабы 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам ұсынылуы мүмкін;"

11) 6-тараудың тақырыбы "Облыстық соттар төрағаларының," деген сөздерден кейін "кассациялық соттар төрағаларының," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 19-бапта:

тақырып және 1-тармақ "облыстық соттар төрағаларының," "Облыстық соттар төрағаларының," деген сөздерден кейін тиісінше "кассациялық соттар төрағаларының," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық соттардың төрағалары лауазымдарына кандидатуралар жұмыс істеп жүрген судьялар болуға немесе олардың судья лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуға тиіс.

Облыстық соттар төрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, облыстық соттың судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Кассациялық соттар төрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, кассациялық соттың судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымына кандидатуралар Жоғарғы Соттың судьялары арасынан ұсынылады.

Бұл ретте аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасы, кассациялық соттың төрағасы, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған және ұйымдастырушылық қабілеті бар адамдарға басымдық беріледі.";

4-тармақ "облыстық соттар төрағаларының," деген сөздерден кейін "кассациялық соттар төрағаларының," деген сөздермен толықтырылсын;

13) 20-баптың 1-тармағы "және сот алқаларының төрағалары," деген сөздерден кейін "кассациялық соттардың төрағалары," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеңес материалдарды алғаннан кейін ондағы мәліметтерді "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабында көзделген төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяның өкілеттіктерін тоқтату негіздерінің болуы тұрғысынан зерделейді.

Кеңес зерделенген материалдарға Кеңес регламентінде белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге құқылы.";

15) 24-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кәсіби қызметті мерзімдік бағалау нәтижелері бойынша Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешіміне судьяның шағымын қарау нәтижелері бойынша қабылданған Кеңестің судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы шешімі Кеңес отырысында судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы мәселені, ал судья ауысудан бас тартқан жағдайда судьяны атқарып отырған лауазымынан босату туралы мәселені қарауға негіз болып табылады."

9. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағында:

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына, тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағымдарды қарау шеңберінде қабылданған шешіміне, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер бойынша алдын ала тыңдау сотқа талап қою берілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.";

4) тармақшаның алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;

5) тармақша алып тасталсын;

2) 2-баптағы "2), 3), 4) және 5)" деген сөздер "2), 3) және 4)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң;

1) 2024 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағы 2) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 6), 7), 8) және 9) тармақшаларын, 10) тармақшасының екінші абзацын, 11) тармақшасын, 12) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы абзацтарын, 13) тармақшасын;

2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағы 2) тармақшасының жетінші абзацын, 15) тармақшасын;

3) 2025 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 7) тармақшасын;

4) 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1) , 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 12) тармақшаларын, 13) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарын, 14), 15), 16), 17), 18) , 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларын, 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 20) және 22) тармақшаларын, 23) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және он бірінші абзацтарын, 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38) және 39) тармақшаларын, 3-тармағының 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларын, 11) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 12) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтарын, 13) тармақшасын, 8-тармағы 2) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын, 3), 4) және 5) тармақшаларын, 12) тармақшасының сегізінші абзацын;

5) 2027 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 13) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 2-тармағы 23) тармақшасының алтыншы және оныншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 1-баптың 8-тармағының 9) тармақшасы төртінші абзацының қолданысы 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Аудандық соттың судьясы және облыстық соттың судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және облыстық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс. Кассациялық соттың судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алуға тиіс."

3. Осы Заң қолданысқа енгізілген кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қарауында болған сот актілері кассациялық сатыдағы соттарға беріледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК